

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИЕВ

Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуына айрықша зор еңбек сіңірген қайраткер тұлғалардың шоғырында Рымғали Нұрғалиұлының өз орны бар. Көрнекті әдебиет зерттеушісі, сыншы, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1988), Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі (2003), Қазақстан Республикасының Ғылымы мен техникаға еңбегі сіңген қайраткер (1998), Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі (1995), Халықаралық Айтматов академиясының академигі, Қазақстан жоғары мектебінің үздік қызметкері, «Парасат» орденінің иегері (2005). Аталған атақтар мен дәрежелердің әрқайсысы үшін азаматтың қанша уақытын, қанша күш-қуатын жұмсағанын мөлшерлеу қиын. Оның үстіне білім мен ғылым саласына бар өмірін арнаған жан уақыты мен күш-қуатын атақ пен дәреже үшін жұмсамайды, ғылым мен білімді дамыту жолында аянбай еңбек ету арқылы қоғамдық сананың кемелденуіне, елдің бүгінгінің тыныш, ертеңінің жарқын болуына арнайды. Сол мақсатта төккен тері мен еккен егінінің жемісін өзі қалыптастырған ғылыми мектебінен табады. Ғылым мен білім қайраткерінің кешкен бейнеті мен жеткен зейнетінің бәрі сол мектептің тақтасына жазылады. Өмірін ғылымға арнаған шын ғалым адамның шығатын бір биігі – осы биік. Бірақ оған алып баратын тар соқпақта адамның абзалымен таласып наданы, адалымен таласып арамы, ғалымымен тақасып залымы бірге жүреді. Біреулер аяғы талып, сүлдері құрып шыққан төбешігінен көз салып, дүниеде содан басқа биіктің жоқтығын көреді. Сөйтіп өзін жердің төбесіне шыққандай сезінеді, өзінен биік тұрған жан баласы жоқтай масаттанады. Әркімге өз шыққан төбесі биік көрінеді. Дүниенің нақты, затты биігі қанша заңғар, аспанмен тілдесіп тұрғандай болса да, оған аяғымен аттап, қолымен қармап жүріп адам да жетеді, қанатымен ұшып құс та жетеді, бауырымен жорғалап, аяғы жоқ, қолы жоқ жылан да жетеді. Өмірін ғылымға арнаған шын ғалым ғылымда өз биігіне ғана шығады, оның шығатын, шыққан биігіне оның өзінен басқа ешкім шыға алмайды. Өйткені ол - талапты да, талантты да емес, ақылды ғана шыға алатын биік. Сондықтан оны ақылдың биігі деген дұрыс. Ақылды тек өз биігіне ғана шығады. Оған ешкімнің таласы болмайды. Академик Рымғали Нұрғали (Нұрғалиев) шыққан биік - осы биік, ақылдың биігі.

Рымғали Нұрғали Семей облысы, Абыралы ауданы, Қайнар селосында 1940 жылы 1 маусымда дүниеге келген. Баршатас орта мектебін медальмен аяқтаған. Қазақ университетінің филология факультетінің әуелі қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде (2 курс) оқып, артынан журналистика бөлімін бітірген (1963). 1962-1965 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің Тың өлкесі бойынша меншікті тілшісі, 1966-1968 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында сын секциясының меңгерушісі, 1968-2000 жылдары Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, профессор, филология факультетінің деканы, 2001 жылдан өмірінің соңына дейін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде кафедра меңгерушісі

болып қызмет етті. 1986-1997 жылдары Қазақ энциклопедиясының Бас редакторы болды.

Профессор Р.Нұрғали университет қабырғасында студент шағында профессор Бейсенбай Кенжебаевпен бірігіп жазған Сабыр Шәріпов туралы кітаптан (1961) бастап қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын көкейкесті проблемаларға арналған монографиялар мен сын, зерттеулерден тұратын қазақша, орысша басылған жүйелі, іргелі еңбектермен байытты. Ғылымның биік белесіне шықты, энциклопедиялық кең құлашты ғалымға айналды.

Үлкен талант рухы, шығармашылық шабыт, терең теориялық білім, үздіксіз іздену, өнердің, әдебиеттің даму процесіне әлемдік биік талап тұрғысынан қарау Р.Нұрғали қаламгерлігінің өнегелік сипатын аңғартады. Р.Нұрғали қаламынан туған сын, зерттеулер мен көркем туындыларға көз жіберсек, ерен еңбектің, қайсар талаптың, қажырлы таланттың куәсі болғандаймыз. М.Әуезов трагедияларын жан-жақты саралаған «Трагедия табиғаты» (1968), Жұмат Шаниннің өмірі мен шығармашылық жолын ашып көрсеткен «Талант тағдыры» (1969), қазақ драматургиясының поэтикасын зерттейтін «Күретамыр» (1973), әдебиет пен эстетика негіздеріне талдау жасайтын «Өнер алды - қызыл тіл» (1974), «Өнердің эстетикалық нысанасы» (1979), «Айдын» (1985), «Телағыс» (1986), «Арқау: екі томдық таңдамалы еңбектері» (1991), «Әуезов және Алаш» (1997), «Сырлы сөз» (2000), «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» (2002), «Толғауы тоқсан қызыл тіл» (2009) кітаптары әдебиеттану ғылымын соны методологиялық ұстанымдармен, жаңа қағидалармен, тың ой-пікірлермен байытты. 2005-2006 жылдары ғалымның жеті томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Инновациялық авторлық бағдарлама жасап, оны іс жүзіне асыру нәтижесінде тоғыз кітаптан тұратын «Көкейкесті әдебиеттану» және «Әдебиет теориясы» атты ғылыми еңбектер сериясын, «Қазақтың 100 романы» кітаптарын құрастырып, баспадан шығарды. Ғалым-педагог Р.Нұрғали ғалымдар даярлау ісіне көп еңбек сіңірді. 14 ғылым докторын, 42 ғылым кандидатын даярлады.

М.Әуезов шығармашылығын зерттеген Р.Нұрғали ұлы қаламгердің публицистикасын, драматургиясын, прозасын алаш ұранды әдебиетпен байланыста қарады. «Абай», «Сана», «Сарыарқа», «Ақ жол» секілді қарауға, оқуға тыйым салынған басылымдарды пайдаланды. Жазушының «Көксерегін», «Хан Кенесін», «Қилы заманын», трагедияларын алғашқы варианттары негізінде жаңаша пайымдады. Бұл дәстүрлі көзқарастағы әдебиетшілерге, ресми мекеме қызметкерлеріне жаққан жоқ. Бірақ ғалым алған бетінен қайтпады. Ақиқат жолынан таймады. Ғылыми ақиқат жолындағы мұндай берік азаматтық ұстаным, қайсарлық авторға оңайға түскен жоқ. 1973 жылы Р.Нұрғали «Қазақ драматургиясының поэтикасы» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Ол кезде мәселенің соңғы шешімін Мәскеудегі Жоғары аттестациялық комиссия айтатын. Қазақстаннан, Өзбекстаннан арыздар ұйымдастырылды. Оларда жас ғалымның «ұлтшылдығы», «саяси қателері» көрсетілді. Белгілі әдебиеттанушылардың қолдарын сырттарынан қойып, қаралағандар да болды. Сөйтіп Р.Нұрғалидың жеке басын жамандау, диссертациясын мансұқтау белең алды. Мәскеу диссертацияны 5 жыл ұстап, толып жатқан сараптауларға түсіріп,

бірнеше кезеңнен өткізсе де, ақырғы сатыда «ұлтшылдығы, саяси қатесі бар» деген ауыр айыппен бекітпей тастады. Бұл Р.Нұрғалидың жүйкесіне тиді, денсаулығына зақым келтірді. Бірақ ғалым жасымады. Ғылыми шығармашылық еңбегінің жүйесін үзбеді. Тағы үш ғылыми монография (екеуі қазақша, біреуі орысша) жазды, досын да, дұшпанын да әбден мойындатты, сөйтіп екінші қайтара диссертация қорғап, 1983 жылы ғылым докторы дипломын, 1984 жылы профессор аттестатын алды.

Ғалымның Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын алған (1988) «Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі», «Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму», «Қазақ революциялық поэзиясы» ғылыми трилогиясы автордың әдебиет тарихын, теориясын, жанрларын зерттеу саласындағы көп жылғы еңбектерінің үлкен бір қорытындысы іспетті. Бұл көлемді, іргелі еңбектер шоғырында нақты методологиялық тәсілдер арқылы әдебиеттанудың аса маңызды ғылыми-эстетикалық проблемасы шешілген болатын.

Жалпы теориялық және ғылыми еңбектерге сүйене отырып, өзіне дейін жазылған монографиялар, зерттеулер, мақалалардағы пікірлерді жалғастырып, дамытып, автор қазақ әдебиетінің драма, проза, поэзия, сын жанрларының туып, қалыптасып, даму жолдарын айқындап, ұлттық әдебиетіміздің өзіне тән басты ерекшеліктерін көрсетіп берді. Қазақ әдебиеті жанрларын саралау, оларға жеке-жеке баға беру міндеттерін өмір мен өнер арасындағы диалектикалық байланыстар мен қатынастар арқылы шешті. Жанрлық формаларды айқындауда тарихи нақтылыққа сабақтас өрілген мазмұнды бірінші қатарға шығарды. Өмірлік тартыс және оның көркем шығармадағы көрінісі сюжет материалы мен композициялық түзілім ерекшеліктерімен байланыста зерттелді. Қазақ әдебиетінің аса іргелі мәселелері осылайша жаңа методологиялық ұстанымдар жүйесінде шешімін тапты.

Заңсыз қудаланып, кейін ақталып, ортамызға оралған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ж.Шанин және М.Әуезов шығармаларын талдағанда («Әуезов және Алаш» монографиясы), Р.Нұрғали ең алдымен әдеби мәтінге, шығармалардың туу тарихына, түрлі нұсқаларына, жанрлық формаларға, сюжеттік-композициялық ұқсастықтарға, типологиялық кайталауларға, әдеби дамудың ерекшеліктеріне мән берді, дәуірдің жетекші әлеуметтік-қоғамдық идеяларын қарастырды, ғылыми қорытындылар мен байламдарын теориялық тұрғыда мейлінше дәйектілікпен негіздеді. Р.Нұрғали кітаптарында берілген нақты деректер мен дәлелдер қазақ әдебиетінің әлемдік көркемдік кеңістіктегі орны мен мәнін ашып, нақтылы құндылықтар туралы жаңа тұжырымдар жүйесін қалыптастырды. Сондықтан да Р.Нұрғалидың қазақ әдебиетінің басқа әдебиеттермен байланысы, сарын, идея, образ үндестігі, аударма мәдениеті жөніндегі пікір-тұжырымдары, деректі жинақтардан туған пайымдаулары ғылыми қауым ортасында әдебиеттің теориялық қазынасын байытқан ірі ғылыми жетістіктер ретінде қабылданды.

Автордың қазақ әдебиетінің дәстүрлері мен даму бағыттарын, ұлттық драма, проза, поэзия, сын төркіндерін, жанрлық формалардың түпкі тектерін көркемдік және қоғамдық факторлармен тығыз бірлікте зерттеуінде үлкен мән бар еді. Қазақтың жаңа көркемдік игіліктерінің тұтас жүйеге айналып дамуын

көрсету үшін автор фольклорлық және әдеби мәтіндерді, қолжазба нұсқаларды, әр тілдегі материалдарды салыстыра зерттеудің бүгінгі ғылымда қолданылатын көптеген тиімді тәсілдерін өз тарапынан жетілдіріп, оңтайлы пайдаланды.

Автордың орыс тілінде жарияланған «Поэтика драмы», «Древо обновления», «Вершины возвращенной казахской литературы», «Казахская драматургия» (2002), «Эпическая драматургия» (2009), «Казахская литература: концепция, жанры» (2010), «Творець вічних цінностей» (Киев, 1997) кітаптары басқа ұлт өкілдеріне қазақ әдебиетінің байлығын кеңінен таныстырады.

Р.Нұрғали зерттеулерінің ерекшелігі олардың композициялық жинақылығынан, ой тереңдігінен, стильдік даралығынан және методологиялық һәм теориялық тиянақтылығынан айқындалып көрініп тұрады. Шынын айтқанда, ол қазақ әдебиеттану ғылымына мәтіндерді, нұсқаларды, шығармашылық ұстахана деректерін, әлемдік әдебиет тәжірибесіндегі материалдарды кеңінен қамтып алып, салыстырмалы, жүйелі, кешенді-байланысты талдау тәсілдерін пайдалана отырып, іргелі, шоғырлы, циклді теориялық зерттеу еңбектер тудыру дәстүрін қалыптастыруға зор үлес қосқан ғалым еді. Бұл бағыттағы соны ізденістер қазақ әдебиетінің жанрлық байлығы, даму әдістері туралы жаңа міндеттерді шешуге мүмкіндік бермек.

Р.Нұрғалидың елу новелладан тұратын мазмұны қызықты, бітімі ерекше «Дән» проза кітабын қалың оқырман, әдеби сын ыстық ықыласпен қабылдаған болатын. Шығарма орыс тіліне аударылып басылды. Семей атом полигонының адамдар тағдырына әкелген қасіреттері «Аяқталмаған трагедия» деп аталатын әңгімелер шоғырында көркем бейнеленді. Қазақ театрының тұңғыш режиссері Жұмат Шанин өміріне арналған «Ай қанатты арғымақ» романы тіл байлығымен, психологиялық талдау шеберлігімен ерекшеленді.

Отыз жылдан астам Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінде, он жылдан астам Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінде ұстаздық еткен профессор Р.Нұрғали шәкірттердің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды. Оларға «Әдебиет теориясы», «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» жалпы курстары, өзі негіздеп, оқу жоспарларына ендірген «М.Әуезовтің шығармашылық ұстаханасы», «Қазақ драматургиясы: тарихы, жанрлары, поэтикасы», «Алаш ұранды әдебиет» арнаулы курстары» бойынша аудиторияға тың серпіліс әкелген биік ғылыми-теориялық деңгейде дәріс оқыды. Лектор Р.Нұрғалиға тән сипаттар: жан-жақты энциклопедиялық білім, әдістемелік, инновациялық-педагогикалық тәсілдер байлығы, шабытты шешендік, өз пәніне деген құштарлық. Қиын кездердің өзінде көзін тауып, еркіндік, азаттық, ұлттық идеяларды айта білу профессор Р.Нұрғалиды жас буын, жаңа төлдің сүйікті ұстазына айналдырды. Ғалым-ұстазға «Жоғары мектептің үздік қызметкері» (1984) атағы берілді. Р.Нұрғалидың профессорлар Х.Әдібаев, М.Базарбаев, З.Қабдоловтармен телавторлықта жазған «Қазақ әдебиеті. 11 сынып оқулығы» бірнеше рет қайта басылды.

1986 жылы сәуір айында Рымғали Нұрғали Қазақ энциклопедиясының Бас редакторы болып тағайындалды. Бұл ел үшін өте ауыр кезең еді. Мәскеудің зорлығымен Қазақстан билігіне отырғызылған Г.В.Колбин және оның төңірегіндегілер «Қазақ ұлтшылдығын дайындаған» жазушылар, журналистер,

ғалымдар, баспагерлер деп есептеп, оларды қуғындаудың сан-алуан тәсілдерін қолданды. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан, қатысы бар жастар оқудан шығарылды, қуғынға түсті, түрмеге қамалды. Осы кезде басылып шыққан «Алматы» энциклопедиясы дүкендерден, кітапханалардан жиналып алынып, жойылды. Шығуға қол қойылған «Шаңырақ» энциклопедиясының елтануға, демографияға арналған үлкен бір бөлімі алынып тасталды. Қызметтен кетірілген, партиядан шығарылған профессорлар мен академиктер есімін энциклопедияға кіргізуге тиым салынды. Мәскеуден арнайы тапсырмамен келген Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері Қазақ энциклопедиясында айлап отырып, түрлі қолжазбалардан, архив материалдарынан «ұлтшылдар ізін» табамыз деп, қызметкерлердің үрейін ұшырды.

Осындай өте ауыр моральдық-психологиялық жағдайда жұмыс істеуіне қарамастан, профессор Р.Нұрғали ұлттық энциклопедияны жаңа ғылыми-теориялық биік деңгейге көтерді. Энциклопедиялық соны бағыттар ашты. Тың бастамалар іске асты. Қазақ, орыс тілдерінде көптомдықтар басылды: «Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия», «Ол кім? Бұл не? Шәкірт энциклопедиясы». Жеке қалалар, облыстарға арналған энциклопедиялар шоғыры туды: «Қарағанды. Қарағанды облысы», «Ақмола», «Алматы» (жаңа нұсқасы). Тұңғыш рет сәулеттік, дүниетанымдық, діни іргелі еңбектер жасалды: «Свод памятников истории и культуры Казахстана», «Ислам», «Философиялық сөздік» энциклопедиялары дүниеге келді. Энциклопедиялық принциптермен жасалған «Айқап», «Ә.Бөкейхан. Тандамалы», «Әлемде талай қызық бар», «М.Әуезов. Тандамалы» томдары қалың оқырманын тапты. Ұлы Отан соғысында мерт болған жауынгерлерге арналған «Боздақтар. Естеліктер кітабы» сериясымен шыққан томдар мындаған шәһиттердің есімін тірілтті. Көпшілік сұранысына орай екі-үш тілді сөздіктер, тілашарлар басылды.

Профессор Р.Нұрғалидың жеке ұсынысымен жоба жасалып, арнаулы редакция құрылып, көп жылғы ізденістен кейін өмірге «Абай» энциклопедиясы келді. Бұл еңбекті жазуға қатысқан бір топ автор Мемлекеттік сыйлық алды. Ал Рымғали Нұрғалиға көптеген энциклопедиялық басылымдарды жетекші болып жарыққа шығарғаны, ғылыми-теориялық ойды дамытқаны және тәжірибелік іске асырғаны үшін 1998 жылы Қазақстан Республикасы Ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер атағы берілді. Тәуелсіз Қазақстанның жана көп томдық энциклопедиясын, М.Әуезов энциклопедиясын жасау идеясын айтып, алғашқы сөзтізбелер нұсқасын жасауға басшылық еткен, тиісті орындар алдына мәселе қойып, ұсыныс жасаған да Р.Нұрғали болды.

Р.Нұрғали қоғамдық-әлеуметтік өмірге белсене қатысты: Қазақстан Республикасының Терминология және ономастика, Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттерінің, «Білім» қоғамы басқармасының, СССР Жазушылар Одағы сын кеңесінің, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының, Пен-клубтың мүшесі, Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы болды. «Большая советская энциклопедия» баспасының, «Жалын», «Абай», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы», «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы» журналдарының, «Қазақ

әдебиеті», «Ана тілі» газеттерінің алқа мүшесі, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің диссертациялық кеңестерінің мүшесі болды. Р.Нұрғали Қазақстан Республикасы Жоғары Аттестациялық комитетінің филология және өнертану сараптау кеңесінің төрағасы, президиум мүшесі ретінде тәуелсіздік жағдайында биік сапалы маман ғалымдар дайындау ісіне үлес қосты. 2001-2008 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан құрылған филология ғылымдарының докторы дәрежесін беретін Диссертациялық кеңестің төрағасы, осы университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі бола жүріп, қазақ әдебиеттануының дамуына, Қазақстан жоғары мектебінің ғылыми-педагогикалық әлуетін көтеруге зор үлес қосты.

Қоғамдық ойдың, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің алып бәйтеректері, 30-жылдар саясатының құрбандары Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтарды ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде профессор Р.Нұрғали аталған Алаш ардақтыларының өмірі мен қызметі туралы қажетті құжаттарды дайындауға белсене ат салысты, олар туралы бірінші болып ғылыми мақалалар жазып, олардың кітаптарын жариялады.

Р.Нұрғалидың құрастыруымен, алғы сөз, соңғы сөз және түсініктерімен, редакциялауымен Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ж.Шанин, М.Әуезовтің энциклопедиялық сипаттағы томдары, І.Есенберлиннің он томдық шығармалар жинағы, Б.Кенжебаев, Ш.Әбенев, Қ.Бадыров, Т.Ысмайылов, Ф.Оңғарсынова кітаптары басылып шықты.

Лев Толстойдың «Әзәзіл» повесі, Николай Погодиннің «Салтанат жыры» драмасы, Әлім Кешоковтың «Соңғы шақырым» пьесасы, эстон әңгімелері, «Әшкерелеу», «Бағзы күндер істері» фильмдері Р.Нұрғали аудармасында қазақша сөйледі. Ол «Жұмат Шанин» деректі фильмінің сценариін жазды (1992).

Әр жылдары Р.Н.Нұрғали еңбектері туралы академиктер Ғ.Мүсірепов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, жазушылар Л.Соболев, О.Сүлейменов, Қ.Мұқамеджанов, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Тәжібаев, М.Дүйсенев, М.Базарбаев, Х.Әдібаев, Н.Ғабдуллин, Р.Бердібай, С.Ордалиев, Т.Кәкішев, Ф.Оразаев, А.Еспенбетов, Б.Майтанов, Ш.Ибраев, Б.Әбілқасымов, Д.Ысқақов, Қ.Ергөбеков, С.Негимов, Т.Есембеков және т.б. ғалымдар пікірлер айтты. Сондай-ақ москвалық ғалымдар Г.Ломидзе, З.Кедрина, В.Оскоцкий, татар-башқұрт ғалымдары Х.Усманов, Г.Рамазанов, М.Ғайнуллин, өзбек академигі И.Сұлтанов, қырғыз профессоры М.Борбұғұлов және т.б. Р.Нұрғали еңбектеріне ұнамды баға берді. Ғалым еңбектері «Советская тюркология», «Литературное обозрение», «Общественные науки в СССР» және т.б. бүкілодақтық басылымдарда жоғары бағаланды.

Р.Нұрғали Қазан, Рига, Душанбе, Бішкек, Тбилиси, Ереван, Баку, Мәскеу, Кишинев, Алматы калаларында өткен халықаралық, аймақтық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларға катысып, ғылыми және практикалық

маңызы зор баяндамалар жасады. Ол Америка, Франция, Германия, Индия, Венгрия, Иран, Түркия, Монголия, Қытай, Оңтүстік Корея, Чехия, Словакия елдерінде болып, қазақ әдебиеті, мәдениеті, тарихы туралы ғылыми-теориялық конференцияларда, түрлі жиналыстарда әлемдік мәні бар пікірлер айтты, сындарлы сөз сөйледі, жаңа қағидалар ұсынды.

Ғылымдағы ірі шығармашылық тұлғалар ғылыми ойдың дамуындағы шарықтау шектерін, айрықша асуларды белгілейді. Олардың ғылыми еңбектері белгілі ғылым саласындағы өсу мен өркендеудің айшықты белестері ғана емес, қозғаушы күші, басты факторы болып қалыптасады. Ондай ғұламалардың әрқайсысы өз ғылымының өз дәуіріндегі мүмкіншілігін, ұлттық ғылыми ойдың деңгейін ұшпаққа шығарады. Рымғали Нұрғалиұлының ғылыми, ұстаздық, шығармашылық қызметінің мазмұны мен мәнін осылай қабылдаған парыз. Ол қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына, қоғамдық сананың жаңғыруына, азаматтық ойдың серпілуіне, еліміздің жоғары мектебінің өсуіне зор үлес қосты.

2000-2010